

Бірыңғай тәсілдеме жоктығынан, іс-әрекеттер үйлестірілмегендіктен, осындай ұйымдарда әртүрлі себептер бойынша түскен баланың құқықтары кейде толық қорғауды іске асыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың қызмет көрсетіп жатқан бөлімшелерінің жұмысын күшейту ұсынылады.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі мамандандырылған сот судьялары мен қызметкерлерін даярлауды «Юриспруденция», «Халықаралық құқық», «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары шеңберінде Білім және ғылым министрлігімен дайындалған арнаулы білім беру бағдарлама негізінде жүзеге асыру ұсынылады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында кәмелетке толмағандар қатысатын істерді қарауға маманданған судьялар даярлауды көздейтін арнайы бағдарлама енгізу мәселесі өзекті.

Ювеналды әділетті енгізу, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге септігін тигізді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында көзделген, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары талабын мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге көмегі көп. Ювеналды соттардың құрылуының арқасында кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру сияқты жазалау шарасы сирек қолданылатын болды, соның нәтижесінде кәмелетке толмағандар бас бостандығынан айыру орындарынан тыс түзелу мүмкіндігін иеленеді. Ювеналды әділет жүйесін тәжірибелеу судьялар тарапынан қызметтің тәрбиелік нысанына үлкен көңіл бөлінетіндігіне куәлендіреді. Балалар сотының басты мақсаты жазалау емес, тиісті тәрбиелеу және қадағалау шарасын таңдау. Сол арқылы шалыс басқан баланың отбасындағы, мектептегі, қоғамдағы қалыпты өміріне қайта оралуына ықпал ету жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Қазақстан Республикасының Заңы // adilet.zan.kz/kaz
4. «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығы// adilet.zan.kz/kaz
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының заңы // adilet.zan.kz/kaz
6. Жуманова А. Ювеналды әділетте медиацияның алатын орны // www.astana-akshamy.kz/
7. Қонақбаева Г.М. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот төрелігінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. - Алматы, 2008. - 27 б.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Байбахтина Д. С., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ (Ғылыми жетекші: - з.ғ.м., аға оқытушы Шакирова А.Б.)

Қазіргі таңда құқық бұзушылық салдары мен мазмұны сан қырлы және оны болдырмау жолдарын қарастыруда қоғам мен мемлекет бірлесе отырып жұмыс істеуге тиісті. «Құқық», «құқық бұзушылық» терминдерінің пайда болған кезінен қазіргі уақытқа дейін бұл тақырыпқа зерттеушілер көп еңбек арнаған. Оның себебі, адамзат қандай да прогресстік жолға шықса да, адам мен адам, тұлға мен қоғам арасында әрқашан да түсінбеушілік пайда болады. Қоғам ішіндегі проблемаларды шешу үшін немесе бұзылған құқықты қалпына келтіруде негізгі құрал заң болып табылады. Заң негізінде құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік тағайындау арқылы қоғамда

арнайы тәртіп орнайды, тіпті құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында тиісті шараларды қалыптастыру оның алдын алу жағдайларын да тудырады.

Құқық бұзушылық-қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Құқық бұзушылық: азаматтық жеке басқа, азаматтың немесе заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетін қаралайтын мәліметтерді тарқату және т.б.), әкімшілік (ұсақ бұзақылық жол ережесі тәртібін бұзу), тәртіптік (жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау және т.б.) теріс қылық және т.т. Құқық бұзушылықтың барынша қауіпті түрі қылмыс болып табылады. Құқық бұзушылықты зерттейтін әр түрлі анықтаулар бар. Жалпы қорытындылық түрде олар, өздеріне заңдық жауапкершілік алатын қоғамға зиянды әрекет еткен тұлғалар немесе тұлғаның құқыққа қарсы, өзін кінәлі еткен құқық бұзушылыққа ұласады.

Құқық бұзушылық өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзатындықтан, оған мемлекет атынан шара қолданылып, жауаптылық тағайындалады. [1, 256]

Заңды жауаптылық – құқық бұзушылыққа барған жағдайда оны жасаған адамның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартуының қажеттілігі. Заңды жауапкершілік — жеке адам, қоғам, мемлекеттің мүддесін қорғайтын бірден-бір жол болып табылады. Ол құқықтық нормалардың бұзылуы нәтижесінде пайда болып, құқық бұзуға мемлекеттік күштеу шарасын қолдану нысанымен сипатталады. Құқық бұзушыға жауапкершіліктің белгілі бір шарасы көзделген құқықтық норманың санкциясын қолданудан тұрады.

Заңды жауапкершіліктің заңды негізі — құқық бұзушылық болып табылады. Егерде субъектінің іс-әрекеті құқық бұзушылықтың белгілеріне сәйкес келмесе, онда ол заңды жауапкершілікке тартылмайды.

Заңды жауапкершілік күрделі әлеуметтік құбылыс. Мұнда кем дегенде екі жақ қатысады: мемлекет және құқық бұзушы. Олардың арасында құқық қорғаушы қатынас қалыптасады және екі жақта заң шеңберінде, қолданылып отырған жауапкершіліктің құқықтық нормаларының нақты санкциясының негізінде жүзеге асады.

Заң алдындағы жауаптылық-құқық бұзушылыққа барған жағдайда оны жасаған адамның мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартуының қажеттілігі.

Заң алдындағы жауаптылық белгілері:

1. құқықтық ұйғарымдар түрінде мемлекет белгілейді;
2. құқық нормасының санкциясын жүзеге асыру түрінде көрінеді;
3. құқық бұзушылық жасалған жағдайда ғана орын алады;
4. құқық бұзушылық жасаған адамға қолайсыз салдар-жаза түрінде қолданылады;
5. міндет жүктеумен байланысты болады;
6. іс жүргізу нысанында (түрінде) жүзеге асырылады;
7. мемлекеттің құзырлы органдары арқылы ғана қолданылады;

Заң алдындағы жауаптылық қай салаға жататындығына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

-әкімшілік-әкімшілік сипаттағы теріс қылық жасалған жағдайда туындайды және шара қолдану (жаза қолдану) немесе айыппұл салу түрінде болады;

-азаматтық-заң алдындағы жауаптылық міндеттеме шарттарының бұзылу нәтижесінде туындайды;

-қылмыстық-заң алдындағы жауаптылық қылмыс жасалуының нәтижесінде ғана қолданылады;

-материалдық (дүниемен байланысты)-қандай да бір мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер ұйымдарға зиян немесе залал келтірілген жағдайда заң алдындағы жауаптылық туындайды;

-тәртіптік-заң алдындағы жауаптылық әскери, еңбек, оқу орнындағы тәртіптер бұзылған жағдайда туындайды, бұлар шара қолдану, сөгіс жариялау, ескерту жасау түрлерінде болады.

Заң алдындағы жауаптылықты, оны анықтап жүктейтін органдарға байланысты мынадай түрлерге бөлуге болады:

-сот арқылы анықталып жүктелетіндері;

-мемлекеттік басқару органдары арқылы анықталып жүктелетіндері;

-басқа құрылымдар арқылы жүктелетіндері.

Заңдық жауапкершілік жүктеудің мақсатын, қызметтері мен қағидаттарын қарастырайық.

Заңдық жауапкершіліктің мақсаты осы құқықтық амал, тәсіл арқылы қандай да бір нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетеді және де осы нәтижелердің қандай болатынын анықтайды. Сөйтіп, олардың мәнін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Заңдық жауапкершіліктің

негізгі мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау әрі қорғау болып табылады. Атап айтқанда, осы заңдық жауапкершілік құралы құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру және әлеуметтік байланыстардың әділетті түрде реттелінуіне бола белгіленеді

Заңдық жауаптылықтың қызметтерін оның алдына қойылған мақсаттар анықтайды, әрі содан туындайды.

Жазалау қызметі (функциясы)-орын алып отырған құқық бұзушылыққа мемлекеттік жаза қолдану түріндегі жауабы. Бұл «жаза түріндегі жауап» кінәлі адамға, оның жеке басына мүліктік немесе ұйымдық тауқымет тартқызу немесе мұқтаждыққа ұшырату, сөйтіп, қолайсыз зардаптар шектіру арқылы жазасын беру түрінде білдіріледі.

Құқықты қалпына келтіру қызметі-құқыққа өкілетті субъектінің мүддесін қамтамасыз етудің барысында кінәліден келтірілген зиянды өндіріп алуға, шыққан шығынды, шеккен залалды өткізуге, жоғалған мүліктің орнын толтыртқызуға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік қызметі-заңға теріс іс-әрекеттердің, құқық бұзушылықтың алдын алудың, ондайларды болдырмаудың қажеттілігі дәлелдердің субъектілердің саналарында қалыптастыру, күнделікті болмыстағы қызметтерінде әдетке айналуын қамтамасыз етуге күш салу болып табылады.

Осы қызметтер заңдық жауапкершілік белгіленген мақсаттарға жетуге көмектеседі.

Заңдық жауапкершілік қағидаттары (принциптері) - осы институттың іргетасын құрайтын ең басты негіздері, идеялары, тезистері болып табылады.

Заңдық жауапкершіліктің қағидаттарын төмендегідей етіп бөліп көрсетуге болады:

1. әділеттілік-мұның өзі тағайындалатын жазаның болған құқық бұзушылыққа мөлшері арқылы, теріс қылық үшін қылмыстық санкцияның белгіленуін болдырмау арқылы, жауапкершілікті бекітетін немесе оны күшейте түсетін заңның кері күшін жоққа шығару арқылы, кінәліге бір қылмысы үшін тек бір ғана жаза түрінің қолданылуы арқылы білдіріледі.

2. заңдылық-заңдық жауаптылық кінәлі адамға қатал түрде заң бойынша және заңда көзделген әрекеттері немесе әрекетсіздіктері үшін жүктеледі (қолданылады).

3. дәлелділік-істің нақты жағдайын жан-жақты әділдікпен қарап, әрі тек жинақталған дәлелдемелер бойынша шешудің қажеттілігін, адамның құқық бұзушылық жасаудағы айғақтарын, құқық бұзушылығының нақты түрін, соған сәйкес келетін құқық нормасын анықтау бойынша білдіріледі.

4. жазадан құтылмайтындық-құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылықтың болмай қоймайтындығы; құқық бұзушылықтың ашылуының ұтымдылығы, сапалылығы және толықтығы, кінәлі адамдарға мемлекет тарапынан жазалау түріндегі жауаптылықтың міндетті және ұтымды түрде жүктелетіндігінің сөзсіз болатындығы.

5. мақсатқа лайықтылық-жазаның заңдық жауаптылық мақсаттарына сәйкестігі, санкцияларды даярлау; жасалған әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) түрлі жағдайларын есепке алуда оны жұмсартатын да, ауырлататын да жақтарын ескерту.

Заңдық жауаптылықпен қатар құқық негізімен соның шегінде жүзеге асырылатын мемлекеттік ырықтандырудың басқа да түрлері атқарылады, оларға қорғау шаралары, бұлтартқызу шаралары, тәжірибелік ырықтандыру шаралары, медициналық сипаттағы ырықтандыру шаралары жатады. [2, 98]

Егер заңдық жауаптылық, қосымша заңдық міндет жүктеумен байланысты болса (мысалы: еркінен айырумен), онда қорғау шарасы «ескі» яғни, «бұрынғы» осы субъектіге жүктелген міндетті орындаумен байланысты болады. Қорғау шарасының мақсаты-жазалау емес, тек құқық бұзған адамды жауаптылыққа тартпай, бұзылған құқықты қалпына келтіру болып табылады.

Құқық бұзушылық пен заңдық жауапкершілік туралы көптеген мақала, басылымдар, монографияларда жарияланған. Бірақ та бұл мәселе төнірегінде бірнеше жылдар қатарынан әртүрлі пікір талас болып пән бойынша бір топтамға келе алмауда.

Бұрынғы ерте заманда, яғни ерте таптық қоғамда құқық пайда болып және оның ажырамас серігі құқықбұзушылық пайда болғаннан бері, теориялық құқықтық ілімде құқықбұзушылықтың себебі неде, соның ішінде қоғамға ерекше қауіпті түрі қылмыстың себебі неде деген сұраққа жауап іздеуде. Не себепті құқық, құқықтық принциптер, ережелерді бұзатын мінез құлық (әрекет немесе әрекетсіздік) пайда болды? Қоғам өміріне қауіпті құқық бұзушылықтың болмауын тоқтату үшін не істеу керек? Осы сұрақтарға жауап бірнеше жүз жылдықтармен жүргізілуде, бірақ қазіргі таңда бұл сұрақ өз жауабын тапты деуге болады.

Мемлекет және құқық теориясы методологиялық ғылым бола тұра кейбір зерттеу жұмыстарыменде айналысады, соның ішінде заңдық жауапкершілік пен құқық бұзушылықты мәселелерінде зерттейді.

Содықтан бұл мақалада мемлекет және құқық теориясы қарастыратын ұғымдар, принциптер қарастырылады. [3, 48]

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған.

Осыдан келіп-құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл шартты құбылыс. Құқық бұзушылық — заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек, заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Әрекет — бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Құқық бұзушылық құқықтық нормалар қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп қоғамның, жеке адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқықтық нормалардың талаптарын орындамау нәтижесінде тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастарға кесел келеді, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамның өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді.

Азамат өзіне жүктелген міндеттерді орындаса немесе құқықтары мен бостандықтарын пайдалана алса, мұндай іс-әрекет азаматқа да, қоғамға да пайдасын тигізетіні сөзсіз. Азаматтар заңда белгіленген міндеттерін бұлжытпай орындаса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық тәртіп сақталады. Азаматтар өз құқықтары мен бостандықтарын тиімді пайдалана алса, қоғамның жан-жақты дамуына, адамдардың тұрмыс жағдайларының жақсаруына, халық мәдениетінің өркендеуіне тиісті жағдай туады. [4, 144]

Сондықтан әр мемлекет, оның аппараттары мен органдары қоғамда заңдылыққа, құқықтық тәртіпке нұқсан келтірмеуді қамтамасыз етеді. Олар жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерін қатаң бақылап отырады.

Құқық бұзушылық өзіндік пайда алу, даму және жойылу заңдылықтарына ие белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде көптеген жекелеген құқық бұзушылықтардан құралады, олардың барлығы да ортақ қасиетке ие болады. Белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік әлеуметтік табиғаты мен заңды нысанын бейнелейтін осындай қасиеттердің жиынтығы құқық бұзушылықтың түсінігін береді.

Құқық бұзушылық — биологиялық, физиологиялық, технологиялық ерекшеліктерге сай, адамның іс-әрекетінің әлеуметтік көрінісі.

Құқық бұзушылық — құқыққа, оның талаптарына қарсы бағытталған мінез — құлық. Демек, құқықты бұзған ат-үсті қарап, талаптарынан айналып өту деген сөз. Әрбір құқық бұзушылық — нақтылы құбылыс. Оны нақты адам, белгілі бір жерде, мезгілде, жағдайда жасайды. Ол құқық нормаларының қағидасына қайшы келеді және өзіне тән оның белгілері болады. Сонымен бірге жекелеген құқық бұзушылыққа тән жалпы белгілері де кездеседі.

Құқық бұзушылықтың екі зияны бар:

1. Құқық бұзушылық — қоғамға зиянды әрекеттің объективтік нысандағы бейнесі, сыртқы көрінісі болып табылады. Бұл қоғамға зиянды, қауіпті әрекет, әрекетсіздік заңда құқыққа қайшы сипатта ресми түрде бекітілуі керек деген мағынаны білдіреді.

2. Құқық бұзушылық — объективтік процесс болып табылады. Бұндағы объективті деп отырғанымыз, кез келген құқық бұзушылық құқықтың қорғайтын әлеуметтік игіліктері: жалпы мүдде, қоғамдық тәртіпке қауіп төндіреді. Дәл осы мағынада құқық бұзушылық қоғамға қауіптілік және зияндылық мәнге ие болады.

Формальді — логикалық жағынан бұл былай бейнеленуі мүмкін: қоғамға зияндының бәрі де, құқыққа қайшы болып табылады. Тиісінше, құқыққа қайшы, қоғамға зиянды әрекет — әрекетсіздік деп саналады. Шындығына келгенде бұл тұжырымнан екі терістік байқалады:

1. Заңда құқыққа қайшы деп саналғандардың бәрі де, қоғамға зиянды немесе қауіпті.

2. Қоғамға қауіпті әрекеттің барлығы да, құқықтық нормаларға қайшы деп тыйым салынбаған. [5.282]

Құқық бұзушылықтың мәні — оны басқа жүріс-тұрыс ережелерін бөліп көрсететін, басты өзіне ғана тән ерекшеліктерінен тұрады. Алдымен барлық құқық бұзушылықтың мәні қоғамдық құрылыстың, қоғамдық қатынастар жүйесіне келтіретін қауіптілігі, зияндылығы. Яғни, тек бір ғана әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен зияндылығы емес, оның таралуы қоғамдық қатынастарға айтарлықтай залал келтіретін адам әрекетінің белгілі бір түрі ескеріледі. Ал жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамдық өмірдің бекітілген тәртібін, олар қоғамда кең таралған жағдайда ғана қоғамдық тәртіптің қауіпіне айналады. Тиісінше, жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп бағалануы мүмкін. Ол және өзі зиян келтіретіндіктен емес, өзі тектес әрекет-әрекетсіздіктің көптеп орын алуына байланысты. Олар өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзады, сондықтан да құқық бұзушылықпен күресудің мемлекеттік ұйымдасқан қызметін қажет етеді. [4, 193]

Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы, оның қашанда адам қоғамының құндылығы, жеке және мүддеге нұқсан келтіруінен көрінеді. Яғни, қоғамның маңызды құндылықтары, оның өмір сүру жағдайына қауіп төндіреді. Құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің деңгейі түрлі дәрежеде болуы мүмкін. Мәселен, адамның өміріне қастандық жасау — өте қауіпті қылмыс. Ал біреудің үйіне түсіп, мүлкін ұрлау оған қарағанда жеңілрек дәрежеленеді. Дегенмен, осы екі әрекет те қоғам үшін өте қауіпті болып табылады. Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын бұзып, маңызды қоғамдық қатынастарға әлеуметтік шиеленіс енгізуінен де көрініс табады. Зиян қандай да болсын заң бұзушылықтың теріс зардабы — ажырамас белгісі оның көлемі, мөлшері, сипаты түрліше болады. —

Әрекет-әрекетсіздіктің қоғамға қауіптілігі, зияндылығының заңды көрінісі құқыққа қайшылық деп саналады. Ол іс қимылдың белгілі бір түрінің нышаны ретінде құқық талаптарының саналы түрде бұзылуын білдіреді. Әрекет-әрекетсіздік заңды міндетін орындамау немесе құқықты теріс пайдалану, яғни егер оған құқықпен тыйым салынса және оны жүзеге асырған жағдайда, құқықтық нормалардың санкциясы қолданылуға жатса, бұл құқыққа қайшы деген сөз. [6, 560]

Егер де құқықпен тыйым салынбаса, құқық бұзушылық болмайды. Адамның өзінің тұлғалық құқықтарын қолданбауы, оның жеке қалауына байланысты болғандықтан, құқық бұзушылыққа жатпайды. Керісінше, адамның қоғамға, мемлекет және азаматтардың мүддесіне залал келтіре отырып, құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы, құқыққа қайшы әрекет деп саналады.

Құқық бұзушылықтың себептері төңірегінде ежелден осы күнге дейін сан түрлі пікірлер айтылуда. Айтылған ойларды тұжырымдасақ, адамдардың құқықтық нормаларды бұзуына, ең алдымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқаймыз.

Әлеуметтік жағдайлар — отбасы, мектеп, қызмет істейтін ұжым, жалпы қоғам өмірінің әсері. Бірақ бұлар әр адамға әртүрлі ықпал етеді. Тұрмысы ауыр, қиын жағдайда тәрбиеленіп, өмір сүретіндер де, сонымен біреуге уайымсыз, тоқтықта өскендер де заңды бұзуы мүмкін. Бұл жағдайды бабаларымыз ежелден-ақ байқаған. «Жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бір ауыз сөзге алғысыз» деген мақал айғағы болса керек.

Биологиялық жағдайлар. Бір отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленіп, өскен балалардың ой-өрісінің сапасы әртүрлі болатыны белгілі. Біреуі мейірімді, салмақты, жігерлі болса, екіншісі қатыгез, жеңілтек, жігерсіз болуы мүмкін. Әрине балалардың жаратылысынан әр түрлі болуы, бұзақылық, адамның тегіне байланысты деген сөз емес. Бұзықтық тұқым қуаламайды, бірақ, адамның жаратылысына тән жаман мінездерді өсіп-өнетін кезеңге тап болса, адам әдепсіздік заң бұзушылық қылықтан тайынбайды. [7, 125]

Маңызды мәселенің бірі заңдар туралы мәліметтердің жеткіліксіз болуы да олардың талаптарын орындамауға себебін тигізетіні сөзсіз. Шынында да мемлекетімізде жүздеген заңдар қабылданған. Оларда азаматтарға сан алуан құқықтар беріліп, көптеген міндеттер жүктелген. Азаматтар ол заңдардың бәрін біле бермейді. Әрине, заңды білмей бұзғанмен, біле тұрып қасақана немесе абайсызда бұзғанның салдары арасында өте үлкен айырмашылық бар. Конституция бойынша қандай да болмасын қабылданған заңды құжаттар баспасөз бетінде жариялануы қажет. Егер жарияланбаса, оның күші болмайды. Ондай құжаттың талаптарын орындамаған адам жауапқа тартылмайды (ҚР Конституциясы, 39-6).

Құқық бұзушылықтың субъективтік себебі — бұл, мемлекеттік идеологияға, адами құндылықтар мен қоғамдық мүддеге қарама-қайшы құқықтық сананың төмен деңгейлігі.

Ал объективтік себебі — өмірдегі, экономикалық және әлеуметтік қатынас саласындағы нақтылы қайшылықтар. Құқық бұзушылықты тудырушы объективтік жағдайға — оның субъективтік және объективтік себептерінің орнын алуына жол беретін, ұйымдастырушылық және техникалық тәртіптің жеткіліксіздігін айтуға болады. [8, 114]

Сонымен, заңның талаптарына теріс пайғал – құқық бұзушылықтың қайнар бұлағы. Құқық бұзушылық – заңдарға немқұрайлықпен қарау, олардың талаптарын орындамау. Құқықты бұзушылық – құқыққа қарсы қылықтан көрініс табады. Қылықтың екі түрі бар: іс-әрекет және әрекетсіздік. Құқық бұзушылықтың маңызды белгісі – оның зиянды салдары. Зиян нақты адамға, ұйымға, қоғамға, мемлекетке келтірілуі мүмкін. Зиян – құқықты бұзушылықтың теріс салдары. Құқық бұзушылықтың нәтижесінде құнды зат жойылады, адам қаза болады, ар намысқа нұқсан келеді, қоғамдық тәртіп бұзылады, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер туады т.с.с. Құқықты бұзушылықтың ауырлығына байланысты оның салдарыда түрлі болады. Қорыта келгенде, құқыққа қарсы әрекет ол кінәлі болғанда құқық бұзушылыққа айналады. Құқық бұзушылық – қоғамның, мемлекет пен жеке адамның мүдделеріне зиян келтіретін субъектінің кінәлі, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының проблемалары. Оқу құралы. – Алматы. 2006. – 256 б.
2. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. - Алматы, 2009. – 102 б.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
4. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі. (Жалпы бөлім) 27.12.1994 ж. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
5. Төлеуғалиев Ф.И. Қазақстан Республикасы азаматтық құқығы. I том. - Алматы, 2001. - 287 б.
6. Марченко М.Н. Сравнительное правоведение. Общая часть. Учебник для юридических вузов. - М.: Зерцало. 2000. – 560 с.
7. Марченко М.Н. Сравнительное правоведение. Общая часть. Учебник. – 2-е изд. – М.: Зерцало. 2010. - 125 с.
8. Жоламан Қ.Д., Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: Фолиант, 2001. – 118 б.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ЗАКОНОТВОРЧЕСТВО

Курумбаева А., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова

В современных условиях стремительного развития научно-технического прогресса, усложнения социально-политических и экономических взаимосвязей, появление новых форм хозяйственной деятельности проблема технико-информационного обеспечения участников процесса создания нормативных правовых актов имеет первостепенное значение.

Обеспечение информацией участников законотворческого процесса, характер предоставляемой им информации, ее полнота и объективность могут оказать решающее воздействие на законотворческий процесс.

Информированность участников законотворческого процесса является важнейшим условием эффективности их деятельности. Для нормативного регулирования общественной жизни необходимо предварительно сформулировать цели такого регулирования, а для этого — осознать основополагающие закономерности функционирования регулируемых социальных отношений и процессов. А это невозможно без получения единого и системного комплекса информации об этих отношениях. Правильная и объективная информация, профессиональное информационное обеспечение — важнейшее условие законотворчества. От характера получаемой информации, от того, кто снабжает участников законотворчества необходимой им для работы информацией, зависят характер и результаты их деятельности.

В ходе законотворческой деятельности участники этого процесса нуждаются в информации:

- о характере регулируемых отношений, их основных закономерностях;
- об имеющемся законодательстве, регулирующем (прямо или косвенно) эти отношения;
- об основных социальных интересах в регулируемой области общественных отношений;
- о научных разработках относительно правового регулирования в интересующих законодателя сферах;
- о связанных с разрабатываемым актом позициях и настроениях наиболее значимых социальных групп и политических сил [1, 23].